

## ЖАСТАРҒА - ЖАТ АҒЫМДАР ЖАЙЫНДА

*Қазір елімізде жастардың сырттан келген дәстүрлі емес діни ағымдарға еріп кетуі белең алып отыр. Ниеті теріс, пиғылы өзге діндердің сүттей ұйып отырған халықтың арасына іріткі салуына, жастарды өз қатарына тартуына жол берілмеуі тиіс.*

Осы орайда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің акт залында «Жастарды діни экстремизм мен терроризмнен сақтандыру және алдын алу» тақырыбында өскелең ұрпаққа түсінік жұмыстарын жүргізуді мақсат тұтқан кездесу өтті.

Кең залға жиналған студенттер мен магистранттардың және профессор-оқытушылар құрамының назарына алдымен Батыс Қазақстан облыстық прокуратурасының арнайы тапсырмасы-



мен дайындалған «Адасқандар» фильмі ұсынылды.

Жағ ағымның арбауынан аулақтатуды көздеген жиынға тәрбие істері жөніндегі проректор Ақылбек Сұлтанов төрағалық етті.

Кездесу барысында Батыс Қазақстан облыстық прокуратурасының бөлім аға прокуроры Алмас Уна-



ев «ҚР діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының талаптарын бұзғаны және тыйым салынған діни бірлестіктерге қатысқандығы үшін көзделген жауапкершіліктер жөнінде айтып өтсе, облыстық дін істері департаментінің бас маманы Мақсат Раманқұлов дәстүрлі дін мен дәстүрлі емес діндердің айырмашылықтарын ашып көрсетіп, түсіндірді.

«Жайық» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жарас Аханов шағақ діннің шылауына түсіп, адасып жүргендер туралы нақты мысалдар арқылы жастардың жүрегіне жеткізе әңгімелесе, БҚО Ішкі істер департаментінің қызметкері Сансызбай Нұғманов қоғамымызда орын алып отырған тақырыпқа қағысты құқық бұзушылықтарды тілге тиек етті.

Қазақ әдебиетінің классигі атанған Қадыр Мырза Әлінің «Айқара ашылған құшақ көп, ішінде біреуінің сайтан бар» деп жырлағанындай, құқық қорғау органдарының өкілдерімен болған кездесудің кейінгі жылдары көбейіп кеткен жат ағымдардан сақтану жолында жастар тәрбиесінде алар орны ерекше болғаны даусыз.

**Айгүл АХМЕТОВА.**